

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛЕНУДІҢ АМБИВАЛЕНТТІЛІГІ САЯСИ ФАКТОР РЕТІНДЕ

Айғаным МАУЛЕН*	3 курс докторанты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан, aiganym.maulen1995@gmail.com , https://orcid.org/0000-0002-9721-2741
Сейілбек МҰСАТАЕВ	саяси ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан, mceka@mail.ru , https://orcid.org/0000-0001-6955-5432
Галия ШОТАНОВА	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан, galia8.09@mail.ru

Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 10/10/2022

DOI: 10.52123/1994-2370-2022-916

ӨОЖ 323.1

ҒТАХТК 11.15.37

Аңдатпа. Мақалада ұлттық бірегейленудің ерекшеліктері мен қайшылықтары, оның қоғамдық-саяси өмірге екіұшты ықпал ету қасиеттері қарастырылады. Заманауи саяси үдерістерден көріп отырғанымыздай, қазір әлемнің көптеген елдерінде ұлттық бірегейленудің дағдарысы байқалуда. Дүниежүзін қамтыған жаһандану үдерісі мультикультурализмді, космополиттік бірегейленуді күшейтсе, демократияландыру үдерісі азаматтық-саяси бірегейленуді дамытуда. Өз кезегінде егеменді ұлттық мемлекеттер өздерінің ұлттық мүдделерін қорғау, қоғамдық келісім мен ұлтаралық татулыққа негізделген жалпыұлттық бірегейлікке қол жеткізуді көздейді. Өкінішке орай, ұлттық бірегейлікті саяси ұранға айналдырып, деструктивті арамза мақсатта қолдану да саясатта жиі кездеседі. Ұлттық бірегейлік саяси фактор ретінде қоғамдық тұрақтылық пен бейбіт өмірге де, түрлі қақтығыстар мен саяси дағдарыстарға да ықпал ете алады. Сондықтан Қазақстан сияқты көпэтносты мемлекетте ұлттық және азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мен дамыту үшін осы күрделі мәселені жан-жақты зерттеудің саяси және ғылыми маңызы зор. Авторлар ұлттық бірегейленудің амбивалентті қасиетін саяси фактор ретінде талдап, оның жағымды және жағымсыз қырларын ашып көрсетіп, прагматикалық ұлт саясатын жүргізуге септігін тигізетін ұсыныстар жасайды.

Түйін сөздер: ұлттық бірегейлік, азаматтық бірегейлік, ұлт саясаты, ұлтшылдық, этносаралық қатынастар, дінаралық қатынастар, патриотизм, плюрализм, толеранттылық.

JEL код: H79.

Abstract. The article examines the peculiarities and contradictions of national identity, its properties of ambiguous influence on socio-political life. As we can see from modern political processes, there is a crisis of national identity in many countries of the world right now. The process of globalization, which covers the whole world, strengthens multiculturalism, cosmopolitan identity, and the process of democratization develops civil and political identity. In turn, sovereignty nation-states are aimed at protecting their national interests, achieving a national identity based on social harmony and interethnic harmony.

Unfortunately, the use of national identity for destructive insidious purposes, turning it into a political slogan, is also common in politics. National identity as a political factor can contribute to social stability and peaceful life, as well as various conflicts and political crises. Therefore, for the formation and development of national and civic identity in such a multi-ethnic state as Kazakhstan, a comprehensive study of this complex problem is of great political and scientific importance. The authors analyze the ambivalent property of national identity as a political factor, reveal its positive and negative sides, and make proposals that contribute to the implementation of a pragmatic national policy.

Keywords: national identity, civic identity, national politics, nationalism, interethnic relations, interreligious relations, patriotism, pluralism, tolerance.

JEL code: H79.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности и противоречия национальной идентичности, ее свойства неоднозначного влияния на общественно-политическую жизнь. Как мы видим из современных политических процессов, сейчас во многих странах мира наблюдается кризис национальной идентичности. Процесс глобализации, охватывающий весь мир, усиливает мультикультурализм, космополитическую идентичность, а процесс демократизации развивает гражданско-политическую идентичность. В свою очередь, суверенные

* Хат-хабарларға арналған автор: А. Маулен, aiganym.maulen1995@gmail.com

национальные государства нацелены на защиту своих национальных интересов, достижение общенациональной идентичности, основанной на общественном согласии и межнациональном согласии.

К сожалению, использование национальной идентичности в деструктивных коварных целях, превращая ее в политический лозунг, также распространено в политике. Национальная идентичность как политический фактор может способствовать как общественной стабильности и мирной жизни, так и различным конфликтам и политическим кризисам. Поэтому для формирования и развития национальной и гражданской идентичности в таком полиэтничном государстве, как Казахстан, всестороннее изучение этой сложной проблемы имеет большое политическое и научное значение. Авторы анализируют амбивалентное свойство национальной идентичности как политический фактор, раскрывают его положительные и отрицательные стороны, вносят предложения, способствующие проведению прагматической национальной политики.

Ключевые слова: национальная идентичность, гражданская идентичность, национальная политика, национализм, межэтнические отношения, межрелигиозные отношения, патриотизм, плюрализм, толерантность.

JEL код: H79.

Кіріспе

Жаһандану дәуіріндегі қазіргі қоғам дамуының өзекті мәселелерінің бірі – ұлттық бірегейлікті сақтау болса, демократиялық ұлттық мемлекеттің болашағы – азаматтық-саяси бірегейлікті қалыптастырумен және дамытумен тығыз байланысты болып табылады. Бүгінгі таңда әлемдегі ұлттық мемлекеттер санының өсуімен бір мезгілде қоғамдағы бірегейлік дағдарысының, этносаралық, дінаралық және т.б. түрлі жанжалдардың туындауы ұлттық бірегейліктің мәні мен мазмұнын зерттеудің өзектілігін айқындап отыр.

Бірегейлік (идентичность, identity) – адамның өз-өзін әртүрлі әлеуметтік, экономикалық, ұлттық, кәсіби, тілдік, саяси, діни, мәдени, гендерлік, нәсілдік және басқа да топтарға немесе қауымдастықтарға жататындығын айқындап, сезінуі (Гаджиев, 2011).

Жеке тұлға өзін бір мезгілде бірнеше түрлі белгілермен бірегейлендіреді, түрлі құндылықтарды ұстанып, өзін қоғамдық болмыспен сәйкестендіреді. Сәйкесінше, бірегейлік көп қырлы, түрлі деңгейлі, қарама-қайшылыққа толы, өте күрделі құбылыс. Сол сияқты ұлттық бірегейлік те сан салалы, ұлт саясатын жүзеге асыру барысында оның жағымды және жағымсыз қасиеттері бар екенін үнемі ескеру қажет.

Бұл зерттеу ҚР БҒМ ҒК-нің қаржыландыруымен АР08856174 «Қазақстандағы ұлтты қалыптастырудың мәдени негіздері» атты жоба аясында әзірленді.

Мақала тақырыбын таңдау мен мақсат-міндеттерді негіздеу

Қоғамда жеке тұлғалар да,

әлеуметтік топтар да өзін-өзі түрліше айқындау мен бірегейлендіруге бейім (аумақтық, ұлттық, мәдени, діни және т.б.), олардың кейбір түрлері бір-біріне қарама-қайшы келсе, келесілері бір-бірін өзара толықтырады. Яғни, бір адам бір мезгілде бірнеше түрлі бірегейленеді (мысалы, қазақ – бір мезгілде әрі азиат, әрі түркі тілдес, өзі мұсылман, демократ және т.б.). Бірегейлену мәселесін зерттеудің негізін қалаушы ғалым саналатын Э. Эриксон бірегейлікті жеке және ұжымдық түрлерге жіктеп, жеке тұлғаның бірегейлігі адамның өзін басқалардан ерекшелейтін дүниетанымы, ал ұжымдық бірегейлік адамның белгілі бір топқа тиесілі екендігімен байланысты қасиеті деп анықтаған болатын (Эриксон, 1996). Егер жеке бірегейлік тұлғаның жеке басының қасиет-сапасын анықтаса, топтық бірегейлік оның қоршаған ортасындағы саяси, әлеуметтік, ұлттық-мәдени кеңістіктің құндылықтары мен нормаларын басшылыққа алу мен бойына сіңірудің нәтижесі. Ұлттық бірегейлік бір жағынан жеке, екінші жағынан топтық сипатқа ие, әр адам өзін белгілі бір ұлттың өкілімін деп санайды және сол ұлттық қауымдастықпен бірегейленеді.

Ұлттық бірегейлік – бұл күрделі көп өлшемді әрі көп қырлы құбылыс болғандықтан оны зерттеу қоғамдық ғылымдардың ортақ еншісі, сәйкесінше философиялық, саяси, әлеуметтік, психологиялық, мәдени, діни, этникалық аспектілерді қамтиды. Саяси фактор ретінде ұлттық бірегейлену екіұшты амбиваленттілігімен ерекшеленеді. Ал жаһандану дәуіріндегі бірегейлену икемді, ұтқыр, көпқырлы, маргиналды сипатқа ие болып, сан алуан формада көрініс тауып отыр. Бұл өз кезегінде осы зерттеу тақырыбын таңдаудың қажеттілігін анықтайды.

Бұл зерттеудің мақсаты – XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында әлемнің түрлі аймақтарында орын алған және қазіргі кезге дейін жалғасып келе жатқан түрлі ұлтаралық және дінаралық жанжалдардың, соғыстар мен көші-қон дағдарыстарының, ұлт-азаттық қозғалыстардың, егемендік пен ұлттық мемлекеттілікті сақтап қалу үшін жүріп жатқан күрестердің түп тамырында жатқан ұлттық бірегейлену мәселесін зерттеу, ұлттық бірегейленудің екіұштылығын (амбиваленттілігін), яғни оның жасампаз (конструктивті) және қиратушы (деструктивті) саяси фактор ретіндегі ерекшеліктерін талдау, оның Қазақстанға сабақ болатын кемшіліктерін анықтау.

Зерттелетін мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қойылған:

- этникалық бірегейліктің негізінде жатқан құндылықтар мен алғышарттарды, тұрақты және айнымалы белгілерді анықтау;

- ұлттық бірегейліктің амбивалентті қасиеттерін (конструктивті-деструктивті, интеграциялаушы-деинтеграциялаушы) ашып көрсету;

- әлемнің түрлі аймақтарындағы орын алып отырған ұлтаралық және дінаралық жанжалдарға арқау болған себептерге, оның ішінде ұлттық бірегейленудің тигізген әсерлерін салыстырмалы талдау;

- жаһандану жағдайындағы ұлтарлық қарым-қатынастар мен мәдени өзара алмасу үдерісіндегі ұлттық бірегейлікті дамытудың проблемалары мен қайшылықтарын анықтау;

- толеранттылық нәтижесінде мультимәдени қоғам құратын азаматтық-саяси бірегейленудің жасампаз үлгілеріне салыстырмалы талдау жасау;

- ұлттық бірегейленудің әлемдік тәжірибесін қорытып, этникалық қарым-қатынастар саласындағы татулықты нығайту үшін пайдалы сабақтар алу.

Зерттеу бағыты ұлт саясаты, этносаралық және дінаралық қарым-қатынастар, ұлттық және азаматтық-саяси бірегейлік қалыптастыру мәселелері, ұлттық бірегейленудің ерекшеліктері мен саяси фактор ретінде алатын орны мен рөлі.

Жұмыстың ғылыми және

тәжірибелік маңыздылығының қысқаша сипаттамасы

Зерттеудің нәтижелері ұлт саясатын жетілдіруге, ұлттық және азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мен нығайтуға септігін тигізе алады. Ұлттық бірегейліктің жағымды және жағымсыз қырлары туралы жасалған салыстырмалы талдау қорытындылары Қазақстан үшін қажетті сабақ алуға ықпал етеді. Ұлттың өзін-өзі айқындауы, азаматтық-саяси бірегейлік мәселелері, бірегейліктің мемлекеттегі ұлт саясатына әсері жан-жақты саясаттанулық талдауды қажет етеді. Зерттеу нәтижелері ұлт саясатын жүзеге асыруға атсалысатын мемлекеттік органдардың қызметінде пайдалы болады.

Ғылыми зерттеу әдістемесі

Осы зерттеудің әдіснамалық негізі тарихилық қағидаты, жүйелік және салыстырмалы талдаулар болып табылады. Қойылған міндеттерді шешу үшін жүйелі тарихи тәсіл этнологияның кейбір арнайы ғылыми әдістері, этносаясат, этноәлеуметтану және этнопсихология салаларында қалыптасқан дәстүрлі тұжырымдамалар мен әдіснамалар қолданылады.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Бірегейлену мәселесі отандық саяси ғылымда қызу талқылау мен пікірталас туғызатын тақырып болғанымен, әлі де зерттеуді қажет ететін қырлары жетерлік. Өйткені бірегейлену құбылысының табиғаты өте күрделі, сан-қырлы және қайшылықты. Шетелдік қоғамдық ғылымда саласында жалпы бірегейлік және ұлттық бірегейлік мәселесін зерттеудің бай дәстүрі бар, арнайы ғылыми мектер қалыптасқан. Олардың ішінен бірегейлену құбылысының теориялық-әдіснамалық қырларын негіздеген С. Акинер, Э. Балибар, П. Борнер, Р. Брубакер, И. Валлерстайн, Гринфелд Л., Иствуд Ж., А. Калхун, Ф. Купер, Д. Келлнер, Д. Миллер, Р. Парк, Дж. Скот, Ф. Фукуяма, Ю. Хабермас, С. Хантингтон, Э. Хобсбаум, С. Хол, К. Шмитт, Э. Эриксон сияқты этносаясат мәселелерімен айналысатын көптеген шетелдік зерттеушілерді атап өтуімізге

болады.

ТМД-лық ғалымдар ұлттық бірегейленуді этносаясат мәселелері ауқымында қарастырып келеді. В.Л. Бадмаев, К.С. Гаджиев, М.Н. Губогло, В.С. Кортуннов, А.А.Рухтин, И. Семенов, М.Г. Стадников, В.А. Тишков сияқты ұлт саясатын зерттеп жүрген бірқатар ғалымдардың шығармашылығына арқау болған.

Қазақстандық ғалымдар да ұлттық және азаматтық бірегейлену мәселелері бойынша белсенді зерттеулер жүргізуде. Мысалы, А. Айталы, Ю.О. Булуктаев, Е.Е. Бурова, Д.Ешпанова, Р.Қ. Қадыржанов, Ж.Ж. Молдабеков, Б.Карипбаев, С.Ш. Мұсатаев, Т.Т.Оспанов, М.С. Шайкемелев, З.К. Шаукенова, М.Ш. Хасанов сияқты көптеген отандық ғалымдардың осы тақырыптағы еңбектері бар. Жоғарыда аталған шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріндегі зерттеу нәтижелері біздің мақаламыздың теориялық-әдіснамалық негіздеуге, тақырыптың мәнін ашуға септігін тигізді.

Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары

Ғасырлар бойы қалыптасқан саяси дәстүр бойынша әрбір адам өзін белгілі бір қауымдастықтың (ру, тайпа, ұлт, ел, ұжым т.б.) өкілі ретінде сезініп, адамдар қауымынан тұратын мұндай әлеуметтік кеңістік ұлт, мемлекет, қоғам сияқты ірі бірлестіктерді құрайды. Адамның белгілі бір қауымдастықпен сәйкестігі ең алдымен, оның тілін, ділін, мәдениетін қалыптастыратын құндылықтарды, идеялар мен нормаларды, мінез-құлық үлгілерін басшылыққа алу арқылы жүзеге асырылады.

Ғылыми-техникалық прогресс, қарқынды көші-қон үдерістері, әлемдік экономиканың терең интеграциялануы жаһандануға ұласып, өз кезегінде жаһандану үдерістері саяси, экономикалық, әлеуметтік қатынастардың ұлттық-мемлекеттік қауымдастықтар шеңберінен шығуы мен трансұлттық сипатқа ие болуына әкелді. Қазіргі заманғы қоғам өмірінің барлық салаларында өзара іс-қимыл жасауға алып келетін бүкіл әлемдік ауқымдағы экономикалық, саяси, мәдени интегративтік үрдістер қарқынды жүруде.

Бұл бір жағынан жер бетіндегі түрлі ұлттар арасындағы қарым-қатынастарды, көші-қон мен ассимиляцияны тереңдетіп жатса, екінші жағынан әртүрлі өңірлер мен елдердегі жекелеген этностық және әлеуметтік қауымдастықтардың жаһандану мен ассимиляцияға қарсы наразылықтарын туындатуда. Ірі ұлттар мен мықты державалар жаһандану жағдайында өздерін судағы балықтай еркін сезінсе, шағын этностар мен ұлыстар өздерінің тілін, мәдениетін, өзіндік ерекшеліктерін, жалпы алғанда, ұлттық бірегейлігін жоғалтып алудан қорқуда. Сондықтан олар өздерінің ұлттық-мемлекеттік мүдделері мен ұлттық бірегейлігін қорғауды мемлекеттік деңгейдегі саясатқа айналдырып отыр. Ұлттық құндылықтардың жойылуына ықпал ететін немесе ірі ұлттардың құрамына ассимиляцияланып еніп, ұлт ретінде жұтылып кетуге әкелетін бірегейліктің жоғалуы, жасанды «біртұтас халық» құру әрекеттері түрлі этносаралық немесе конфессияаралық қақтығыстарға арқау болуда. Сонымен бір мезгілде ұлттық бірегейленуге балама бірегейлік қалыптастыруға талпыныс діни экстремизм мен фундаментализм, радикализм мен әсіре оңшыл ұлтшылдық формаларын туындатуда. Мұның барлығы бірегейліктің амбивалентті, екіұшты құбылыс екенін көрсетеді.

Осыған байланысты қоғамдық келісімді, этносаралық татулықты сақтау мен нығайту үшін бірегейлену «біздікі-бөтен» немесе «дос-жау» қосполярлық оппозициясымен емес, көпполярлы ынтымақтастық тұрғысынан да қарастырылуы тиіс. Бірегейлік, ең алдымен, дәстүрлі құндылықтарды сақтау, мәдени әртүрлілікті мойындау мен толық қабылдауға, түрлі мәдениеттер арасында диалог құру үшін қажет. Мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы диалог қақтығысқа әкелетін «түсінбеушілікке сүйену» емес, «өзара түсінікпен алмасу» дегенді білдіреді (Губогло, 2003). Жаһандану дәуірінде түрлі мәдениеттер мен дәстүрлерді ұстанатын адамдардың тең және қатар өмір сүруі үшін бұдан басқа балама жол жоқ. Сонда ғана бірегейлік тез өзгеретін қоғамдық-саяси шынайылықтың орталық мәселесіне айналып, «тұлға – қоғам – мәдениет» үштігінің байланысын

біріктіреді.

Ұлттық бірегейлену құбылысын зерттеуде қиындық туғызатын мәселе – оның құрамдас бөліктері тарихи-мәдени, саяси және әлеуметтік-психологиялық құндылықтар, тұрақты белгілер мен айнымалылар болып табылады. С. Хантингтон адамдарда бірегейленуге арқау болатын белгілердің шексіз таңдауы болады деп көрсетіп, олардың негізгі түрлеріне мыналарды жатқызады:

1) аскриптивті (адамның жасы, жынысы, этникалық немесе нәсілдік ерекшелігі, қандас туыстығы);

2) мәдени (кландық, тайпалық, тілдік, ұлттық, өркениеттік және діни белгі);

3) аумақтық (ауыл, қала, провинция, аймақ, климаттық аймақ, құрлық);

4) саяси (функционалдық және саяси сәйкестік, мүдделік топтар, идеология, мемлекеттік мүдделер, көшбасшыға берілгендік);

5) экономикалық (жұмыс, кәсіп, лауазым, ұжым, жұмыс берушілер, салалар, кәсіподақтар, сыныптар, мемлекет);

6) әлеуметтік (достар, әріптестер, командалар, клубтар, әлеуметтік мәртебе, ойын-сауық компаниялары) (Хантингтон, 2004).

Ұлттық бірегейлік – бұл өте күрделі және қарама-қайшы ұғым, өйткені ұлт пен ұлтаралық қарым-қатынастардың өзі қиын әрі қайшылыққа толы. Ұлттың көптеген анықтамалары ұлттың күрделі әлеуметтік құбылыс екенін және ұлттың анықтамасындағы маңызды айырмашылықтар адамдарды ұлттық қауымдастықтармен байланыстыратын ішкі байланыстарды қалай анықтауға, зерттеуге және құруға болатындығы туралы ойланғанда пайда болатындығын растайды. Қазіргі ғылымда ұлтты анықтаудың француздық және немістік моделдері кең танымал: француз моделінде - ұлт “отандастар” ретінде, ал, неміс моделінде - ұлт діл, мәдениет, тіл т.б ерекшеліктермен анықталады. Бірінші модельде елдің құрамындағы барлық халық ұлттық белгісіне қарамастан этникалық азаматтық-саяси қауымдастық ретінде қарастырады. Немістік модель болса белгілі бір ұлттың өзін дербес саяси қауымдастық ретінде қарастырады, ұлтқа бір этникалық тектес адамдардан

тұратын, байырғы атамекені, ортақ тарихы мен мәдениеті, ортақ әлеуметтік-экономикалық және саяси мүдделері бар үлкен әлеуметтік топ (қауымдастық) деген анықтама береді.

Азаматтық бірегейлік моделі этникалық тегіне қарамастан, еркін және тең азаматтардың саяси қоғамдастығына (мемлекетіне), пайда болатын мәдени айырмашылықтарды (азшылықтарды) ассимиляциялаудың қажетті шарттарына назар аударады. Көптеген адамдар бұл модельді көп мәдениетті (мультикультурализм) деп те атайды, егер ассимиляция ұлт саясатының міндетті немесе астыртын мақсаты болмаса, азаматтық бірегейлену этникалық қауымдастықтың ішіндегі азшылықтардың әртүрлі ұлттық-мәдени ерекшеліктерін сақтау арқылы жүзеге асырылады (Кортунов, 2009).

Ұлттың екі моделіндегі ұлттық бірегейліктің қарқындылығы бірдей емес. Қарқындылық азаматтыққа қарағанда этникалық модельде күшті. Этникалық негізде шекаралар анықталады, ұлттық мемлекеттердің атауы қойылады (Франция, Германия, Қазақстан т.б.) соның негізінде «біз» бен «олардың» арасындағы бөліну жүзеге асырылады. Осы себепті, ұлттық бірегейлік – бұл өмір салаларының барлық сегменттеріне әсер ететін және олардың көптеген комбинацияларында кездесетін көп өлшемді құрылым. Сәйкесінше, ұлттық бірегейлікті саяси фактор ретінде анықтауға болады. Яғни, фактор (латынша «factor» – «жасайтын, өндіретін») – қандай да бір процестің қозғаушы күші, оның сипатын немесе оның жеке ерекшеліктерін анықтайтын себеп деген мағына береді.

Ұлттық бірегейлік – бұл ұлттың маңызды дәстүрлі құндылықтарын саналы, еркін және ерікті таңдау және қабылдау арқылы қалыптасатын адамның өз ұлтымен бірлігі мен сабақтастығының субъективті сезімі. Саналылық, еркіндік және еріктілік ұлттық бірегейлікті қалыптастыру процесінде шешуші факторлар болып табылады. Егер олар болмаса, онда ұлттық бірегейлік емес, мәжбүрлеуші ассимиляция немесе идеологияның тоталитарлық үстемдігі орнайды. Ұлттық өзіндік сана-сезімсіз ұлттық бірегейлік жоқ, сонымен қатар өз

ұлтының дәстүрлі құндылықтарын еркін және ерікті түрде қабылдау мен таңдаусыз да ұлттық бірегейлік жоқ.

Ұлттық бірегейлік проблематикасы әсіресе Қазақстан сияқты халқының құрамы көпэтносты және көпконфессиялы мемлекет үшін өзекті. Зерттеушілер қазіргі уақытта қазақстандық қоғамда бірегейленудің бірнеше моделі саяси плюрализмге сай өзара еркін бәсекелесуде деп мойындайды, мұндағы басты мәселе олардың қайсысы барынша өміршең болады және қоғамның дамуына қызмет етеді (Карипбаев, 2021). Бұл жерде Қазақстандағы ұлттық және азаматтық бірегейлену құқықты-демократиялық жолмен жүріп жатқанын, ерікті әрі жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделгенін айта кеткеніміз жөн. Бұған қазақстандық қоғамдық пікірді зерттеудің нәтижелері де дәлел бола алады.

2022 жылдың бірінші жартысында Философия, саясаттану және дінтану институтының жүзеге асырып жатқан «Қазақстандағы ұлттық құрылыстың мәдени негіздері» атты ғылыми жобасы ауқымында ұлттық бірегейлікке қатысты әлеуметтанулық зерттеу жүргізілді. Мақала авторының бірі аталған ғылыми жобаның қатысушысы ретінде осы сауалнаманы жүргізуге атсалысты. Сауалнамаға Қазақстанда соңғы 30 жылдан астам тұрақты мекендейтін әрі ел азаматы саналатын 1202 респондент тартылған. Олардың 75 % – қазақтар, 16 % – орыстар, 8,2 % – өзге этнос өкілдері. Бұл пайыздық үлестер Қазақстанның соңғы халық санағындағы ресми деректерге жақын. Атап айтсақ, 2021 жылы Қазақстан халқының саны – 19 186 015 адамды құраған, оның ішінде ұлттық құрамы бойынша қазақтар - 70,4 %, орыстар 15,5 %, өзбектер – 3,2 %, украиндар – 2 %, ұйғырлар 1,5 %, өзге этнос өкілдері 7,4 % (Шаймарданов, 2022).

Жүргізілген сауалнамадағы азаматтық бірегейлік, отан мен мемлекеттік тілге қатысты қойылған сұрақтарға берілген жауаптардың нәтижесіне тоқталсақ: «Сіз Қазақстан азаматы екеніңізге мақтанасыз ба?» деген сауалға респонденттердің 72,7 % – «Сөзсіз мақтанамын» десе, 18,6 % – «Мақтанатын шығармын» деп жауап

берген. Тек 0,5 % – «Жоқ», ал 2,6 % – «Мақтанбайтын шығармын» деген. «Менің отаным – Қазақстан» деп санайтындар – 86,3 %, «Менің отаным – КСРО» дейтіндер – 8,9 %, «Менің отаным – Ресей» деушілер – 0,6 % құраған. «Сіз өмір сүретін қалада қазақ тілін білудің маңызы қандай?» деген сұраққа 51,2 % – өте маңызды, 33,1 % – маңызды, 10,7 % – маңызды емес шығар, 3,2 % – маңызды емес, 1,7 % – жауап беруге қиналамын депті. Сауалнаманың нәтижелерінен еліміздегі азаматтық бірегейлік пен патриотизмнің деңгейі жоғары екенін байқауымызға болады.

Біз енді зерттеуімізді ұлттық бірегейленудің амбиваленттілігін ашып көрсету мен оның түрлерін жіктеуге қарай бұрамыз. Амбиваленттілік (лат. *ambo* – «екеу» және лат. *valentia* – «күш») – бір нәрсеге деген ойдың, қарым-қатынастың қосарлануы (бөлінуі), атап айтқанда екіұштылық, сана-сезімнің қосарлануы, бір мәселе туралы қарама-қарсы екі пікірдің қатар туындауы. Амбиваленттілік дегеніміз – белгілі бір құбылысқа немесе затқа деген көзқарастың екіұдай қосарлануы. Бұл терминді Эйген Блейлер енгізіп, ол амбиваленттіліктің үш түрін анықтады:

1) Эмоционалды: адамға, затқа, оқиғаға жағымды және жағымсыз сезім (мысалы, балалардың ата-аналарына қатысты);

2) Ерікті: қарама-қарсы шешімдер арасындағы шексіз тербелістер, олардың арасынан таңдау мүмкін еместігі, көбінесе шешім қабылдаудан бас тартуға әкеледі;

3) Интеллектуалды: бір-біріне қайшы келетін, адамның ақыл-ойы мен пайымдауындағы ерекше идеялардың өзара ауысуы (Рябова, 2014).

Әрине біз төмендегі конструктивті, деструктивті және аралық деп жіктей отырып жүйелеп талдайтын этникалық бірегейленудің түрлері шартты екенін ескертеміз. Шынайы өмірде бірегейленудің бір түрін екіншісінен ажырату оңай емес. Сонымен қатар, адамдар өмірде бірегейленудің бір түрінен екіншісіне өтуі, немесе бірнеше бірегейлікті қатар ұстануы да мүмкін екенін есте ұстағанымыз жөн.

Бірегейленудің конструктивті формалары.

1. Азаматтық-саяси бірегейлік ел

азаматтарының өздерін өздері өмір сүріп жатқан мемлекеттік-аумақтық кеңістікпен сәйкестендіруін, мемлекет, қоғам, ел туралы патриоттық түсініктерін, «біз – отандастармыз» деген ұстанымын, қоғамдастық, ынтымақтастық, мемлекеттегі жағдай үшін ортақ жауапкершілік сезімдерін қамтиды. Басқа ұжымдық бірегейлік сияқты, ол танымдық, эмоционалды және нақты іс-әрекет компоненттерінен тұрады. Батыс елдерінде азаматтық-саяси бірегейлік ауқымында мультикультурализм дамыды, бұл өз кезегінде қоғамдағы барлық этно-әлеуметтік топтардың мүдделерін барынша толық білдіру мүмкіндігін беретін плюрализмнен бастау алады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мультикультурализмнің жақтаушылары бастапқыда мәдени плюрализмнің талаптарын қоядан бастап, бірте-бірте саяси талаптарға қарай өтеді. Алайда, бірегейленудің сан-алуан түрлері бар екенін ескерсек, бұл құбылыс тек консенсус немесе бірігуге ғана емес, сонымен қатар конфронтация мен жанжал туғызуға да ықпалы бар екенін ескеруіміз керек. Бірегейленудің көп түрлі болуы өз кезегінде белгілі бір топтардың (этникалық, діни, иммигранттық, тілдік және т.б.) ұжымдық мүдделерін білдіру мен қорғау, мультимәдени қоғамның өзге өкілдеріне өздерінің ерекшеліктерін мойындату мен құрметтету талаптарын қоя, саясатқа еркін қатыса алу құқығына қол жеткізу талаптарын қоя т.б. ұласады.

Әлемнің түрлі елдерінде жүзеге асқан «балқыту қазандығы» идеологиясы мен саясаты қазіргі кезде тығырыққа тіреліп отыр. Нәсілдік, ұлттық және діни белгілерге қарамастан барлық азаматтарды ортақ саяси қауымдастық ретінде бірегейлендіру, саяси «ассимиляциялау» тәжірибесі өзінің кемшіліктерін көрсетуде. Көп мәдениетті қоғамдағы субмәдениеттердің өзіндік ерекшеліктері, құқықтары мен бостандықтары, тең нормативтілік үшін күресі өткір болып келеді. Мысалы, расизммен күресетін «Black lives matter» қозғалысы, мигранттардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін құрылған сан-алуан ұйымдар, ұлт-азаттық қозғалыстар соның дәлелі. Сол сияқты, әр-түрлі азшылықтардың (иммигранттар, тілдер, конфессиялар, жыныстық және

ұлттық азшылықтар) құқықтарын, айырмашылықтары мен символдық белгілерін тану туралы талаптары да дами келе қоғамдық қозғалыстар мен саяси партиялардың құрылуына жалғасуда.

Ф. Фукуяманың ойынша, қазіргі әлемде белгілі бір жағдайларда бірегейлену сезімі дами келе бірегейлену саясатына айналады. Бұл тенденция бірегейленудің интерсубъективті құбылыс екендігімен түсіндіріледі, ол әрқашан екінші тараптың мойындауын қажет етеді. Алайда, мұндай мойындау тек институционалды деңгейде орнықса ғана тұрақты және ұзақ мерзімді формаларға ие болады. «Осылайша, қазіргі әлемдегі саяси қақтығыстардың елеулі бөлігін – демократиялық төңкерістерден бастап жаңа әлеуметтік қозғалыстарға дейін, ұлтшылдық пен исламизмнен бастап қазіргі Американың университеттік кампустарындағы саяси қақтығыстарға дейін – бірегейлену саясатының көріністеріне жатқызуымызға болады». (Фукуяма, 2019).

2. Ұлттық-мемлекеттік бірегейлік ел мен оның құрамындағы этникалық топтардың жалпыұлттық идеяға топтасуы мен ортақ құндылықтарды ұстануының, ортақ мақсатқа жетуге ұмтылуының, өзара түсіністігі мен бірлескен іс-қимылының нәтижесі. Және айта кетерлік мәселе – мемлекет бұл жағдайда бірегейлік саясатының басты әрі жалғыз акторы ретінде әрекет етпейді. Қазіргі демократиялық қоғамдардағы бірегейлік саясатына көп субъектілігі тән: мұнда азаматтық қоғамның әртүрлі институттары мен құрылымдары, діни ұйымдар, элита мен зиялылар да, бұқара халықтың өкілдері де ұлттық-мемлекеттік бірегейлікті құру процесіне қатысады. Сондықтан бірегейліктің бұл түрін қалыптастыру мен нығайту плюрализм мен толеранттылыққа негізделеді.

Ұлттық-мемлекеттік бірегейлік толерантты (түсіністікпен төзе білу, яғни, адамгершілік тұрғыда ұлты, тілі, діні, ділі басқа адамдарға түсіністікпен қарау). Мұндай бірегейлік туған жерінді, өз ұлтыңды сүйе отырып, тарихы мен тағдыры бір, ортақ отанда бірге өмір сүріп жатқан өзге этникалық топтардың ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне түсіністікпен қарауды және керісінше олардан да

осындай өзара түсіністікті талап етуді қатар қамтиды. Бұл тұрғыда қазақстандық ғалым Р.Қ. Қадыржанов тарихи сана-сезім Қазақстан халқын біріктіреді, Қазақстан тарихы тек мәдени сәйкестікті ғана емес, азаматтық бірегейлікті де нығайтуға арналған нышандар арсеналы болып табылады деп атап көрсетеді (Қадыржанов, 2014).

3. Позитивті этникалық бірегейлік – бұл этникааралық қарым-қатынастың шарты ғана емес, қажетті құқықтық-саяси нормасы да, өйткені ол этно-мәдени топтың тұрақты және тату-тәтті өмір сүруін қамтамасыз етеді, этно-мәдени топтардың мүшелері тек өз қоғамдастығының ғана емес, сонымен қатар басқа топтардың құндылық ұстанымдарын да ескереді. Ұлтжандылық пен патриотизм позитивті этникалық бірегейліктің қос қанаты сияқты, өз ұлтымен қатар өзге де этномәдени топтарды құрметтеу, туған халқының тарихын, мәдениетін, менталитетін бағалай отырып, өзге халықтарға да оң көзқарас болуынан көрінеді.

Ұлтжандылық (национализм) – белгілі бір мемлекеттік шекарамен шектелген географиялық кеңістікте мекендейтін және егеменді елдің байырғы ұлты саналатын төл (титұлды, автохтонды) этностың негізінде ұлттық мемлекетті қалыптастыратын – мемлекетқұрушы ұлттың (неміс – Германия, француз – Франция, қазақ – Қазақстан т.с.с.) рөлін басты құндылық ретінде танитын дүниетаным. Позитивті этникалық бірегейлік ұлтжандылық сезімімен тығыз байланысты, яғни өз ұлтыңды сүйу, ұлтшыл болу. Алайда кеңестік коммунистік идеология ұлтшылдықты жағымсыз мағында, сыңаржақ түсіндірді. Ұлтшылдық толерантты: өз ұлтыңды сүйе отырып, өзге ұлт өкілдерінің ұлтшылдығына түсіністікпен қарауды талап етеді.

Ұлтжандылық әрбір ұлт үшін қажет, ұлтжанды, яғни, ұлтшыл болу арқылы ғана ұлттың тілін, салт-дәстүрін, ерекшеліктері мен ұлттық мемлекетін сақтап, дамытуға болады. Осы жердегі айта кетерлік жәйт – КСРО кезінде коммунистік идеологияны ұстанған компартия ұлттық және діни бірегейлікті жоюға тырысып, таптық бірегейлікті ғана мойындады. Нәтижесінде ұлтшылдық пен

имандылық кеңестік қоғамға жат деп танылды. Мұндай стеретотиптен арылуымыз қажет. Таза национализм, яғни, өз ұлтыңды сүйуді білдіретін ұлтжанды ұлтшылдық ұғымы жағымды құбылыс, ол ұлттық мемлекет құру үшін аса қажетті рухани құндылық.

4. Аумақтық бірегейлену (территориялық, немесе аймақтық) – бұл «отандас», «жерлес», «өзіміздікі», «біздің адам» деген ортақтыққа ие сезімдерді қалыптастыру арқылы жеке тұлға үшін тартымдылыққа ие. Яғни, аумақтық бірегейлену шығу тегінің ортақтығының, өңірлік мәдениетке (этностыққа, діни сәйкестілікке) қатысуының арқасында «біздікі – бөтен» деген анықтауыштар жүйесі бойынша жүреді.

Кезінде неміс ойшылы К. Шмитт саяси қауымдастық өзінің ерекшелігін сақтау үшін өзін басқа саяси қауымдастықтармен салыстырып, олармен бәсекелесіп, қарсыласқан жағдайда ғана саяси тұрғыда өмір сүріп, мемлекетті құрайды деген болатын (Шмитт, 2010). Шынында, «біздікі» және «бөтен» деген саяси бөліну барлық саяси режимдерге тән топтық саяси бірегейленудің негізі болып табылады. Көріп отырғанымыздай, бір жағынан, «біз» деген ортақтық ұғымы интегративті сипатқа ие және белгілі бір бірлікті, жақын адамдардың ынтымағын білдіреді. Екінші жағынан, «біз» деген ұғым «бөтен» деген антагонизм болуымен мәнді. Сондықтан түптеп келгенде «біз» және «бөтен» ұғымдары да бірлік, ынтымақтастық, достықпен қатар, қарама-қайшылық, жанжал немесе соғыс сияқты екіұшты өзара әрекеттесуге ықпал етуге қабілетті.

Ұлттық бірегейленудің деструктивті формалары

Қоғамда қалыптасқан дәстүрлі нормалар мен жалпыадамзаттық құндылықтардан ауытқу өзінің этномәдени тобының мәртебесін асыра сілтеуге, негативті жаққа қарай ойысып, этникалық бірегейліктің жағымсыз көріністеріне әкеледі. Ю. Хабермас қоғамдағы саналы бірегейленудің туындау мүмкіндігін табиғи жолмен болатын құбылыс деп көрсетеді, алайда бірегейлікті жасанды жолмен, күштеп қалыптастыратын болса оның жалған түрі

қалыптасады дейді (Хабермас, 1999). Осыған байланысты этникалық бірегейліктің бірнеше деструктивті түрлерін жіктеп көрсетуімізге болады.

Өрескел ұлттық бірегейлік келесі формаларда көрініс береді:

1. Этноцентризм – қоғамдық-саяси шынайылықты, әлеуметтік ортаны өзінің ұлттық дәстүрлері мен құндылықтарының призмасы арқылы қабылдау мен бағалаудан көрінетін, белгілі бір этникалық топтың өзгелерден артықшылығына негізделетін ұғым. Этноцентризм терминін 1906 жылы В. Самнер (W.Sumner) енгізді, ол адамдарға тән өзімшілдік қасиет тән, этноцентризм жағдайында олар бүкіл әлемде өздерінің ұлтынан артық ұлт жоқ, басқа ұлттар бізден нашар, өзгелер бізден үлгі алуы тиіс, біздің пікірімізбен санасуы керек деген ұстанымда болады (Стадников, 2006). Этноцентризмнің көріністері – бұл этникалық дәстүр мен әдет-ғұрыптардағы ерекшеліктермен мақтану, өзге ұлттардан ерекшелейтін артықшылықтарын асыра мақтау, ұлттық оқшаулану, өзгелерден бөгіделену, этникалық топтың өз-өзін өзгелерден арақашықта ұстауы. Этноцентризмнің маңызды көрсеткіші ретінде ұлттық-этникалық топтың таза ұлттық кодты, ата-баба жолы мен гендік текті сақтауға деген ұмтылысы анық байқалады, сәйкесінше моноұлттық неке мен отбасын құруға басымдық беріледі.

Бұл астамшылық синдромы дами келе этнодоминанция мен этнонарциссизмге ұласады. Этнодоминанция – бұл белгілі бір ұлтты ең жоғары құндылық ретінде қабылдайтын бірегейліктің түрі. Этномәдени топтардың мүшелері діни, азаматтық, кәсіби және т.б. қарағанда ұлттық белгіге барынша басымдық береді.

Ал этнонарциссизм – өзінің этникалық тобын ерекше жаралған, мінсіз, ақылды дейтін ұлтжандылық, бұл өздерінің ұлтын ақыл-парасат пен күш-қайраттың эталоны, барлық жақсы қасиет-сапалар мен артықшылықтарға ие деген шексіз сенімділікке негізделген, өздерін басқа «бөтен ұлттардан» әлдеқайда артықпыз дейтін астамшыл бірегейлік (Greenfeld L., Eastwood J., 2007). Өркөкірек этнонарциссизммен уланған азаматтар өзге ұлт өкілдерін менсінбей,

өздерін дөрекі ұстап, зорлық-зомбылық жасауға дайын тұрады, жанжалдарды шешуде негізінен агрессивті іс-әрекет жасайды.

2. Ұлттық шовинизм – басқа халықтарды кемсіту, қанау және қысым көрсету құқығын негіздеуді мақсат ететін ұлттық артықшылық идеологиясы (наполеондық әскер қатарында болған Николя Шовеннің есімімен байланысты туындаған делінеді, ұлттық астамшылықты, өзге ұлттарды дискриминациялау мен қанауды білдіретін ұғым). Шовинизм «біз сияқты емес – бөтен – жау» қағидаты бойынша бейтаныс адамдарға, шетелдіктерге, басқа ұлт адамдарына деген дұшпандық пен жеккөрушіліктің пайда болуына және таралуына ықпал етеді. Гетерономия мен ксенофобияның бір түрі.

Ксенофобия (грекше «бөтен» және «қорқыныш») бөтен, бейтаныс, әдеттегідей емес нәрселердің бәріне қарсылық жасау, бөтен адамды жау деп қарау, қауіпті деп санау. Жергілікті қоғамдастыққа «бөтен» адамдарды қоспау, «бөтендерді» саясатта, тұрмыста, жалпы қоғам өмірінің бар саласында кемсітушілікке әкеледі. Саяси тәжірибеде сегрегация, апартеид, геноцид, этноцид, холокост сияқты небір зұлымдықтарды туғызды.

3. Этникалық фанатизм – этникалық мақсат-мүдделер үшін кез-келген құрбандыққа пен іс-әрекетке баруға дайын болу түрі. Сонымен қатар, бұл мүдделер мен мақсаттар көбінесе иррационалды түсініледі және абсолютті асқақ мақсат-мұрат деп саналады. Адамдар ұлттық идеяға көзсіз сенеді, ұлттық ұрандардың ақ-қарасын ақыл-оймен таразыламайды. Бұл бірегейлік оңшыл ультра радикалды, агрессивті, бірегейленудің экстремалды түрі болып табылады. Көріну формасы – дискриминация, өз ұлтының болашағы мен игілігі үшін кез-келген құрбандыққа баруға дайын болу. Гитлерлік Германия кезінде этникалық фанатизмнің идеологиялық рәсімделген формасы – нацизм туындады. Нацизм – «национал-социализм» деген идеология атауының қысқартылып алынған нұсқасы, бұл – шовинизм, нәсілшілдік (расизм) мен антисемитизмді, ксенофобияны социализммен будандастырып, «таза» арийлік неміс ұлты негізінде әлеуметтік

әділеттілік пен ұлттық-социалистік сипаттағы қоғамдық құрылысты орнатуды көздейтін ультра оңшыл тоталитаризмнің идеологиясы.

Көріп отырғанымыздай, тарихта ұлттық бірегейліктің бұзық түрлері адамзатқа қаншама қайғы-қасірет әкелді. Осыған байланысты бұл мәселені зерттеуші отандық ғалым М.С. Шайкемелов қазіргі кезде ұлттың тұрақты өмір сүруінің шарты – бірегейленудің оңтайлы иерархиясын құру және сақтау деп санайды. Бұл иерархияда тек азаматтық бірегейлік қана саяси мәртебеге ие бола алады, ал этникалық бірегейлікті саясиландырудан тазартып, мемлекеттен ажыратып, тек мәдени, тілдік, тарихи және басқа да саяси емес кеңістікте қолдану қажет дейді. Жергілікті этникалық мәдениеттердің моделін ұлттық құрылыстың үлгісі ретінде қабылдау сөзсіз этнократияның бір түріне айналады, яғни, этносқа саяси субъект ретінде сипат пен мәртебе береді деп ой түйеді (Шайкемелов, 2013).

Ұлттық бірегейленудің маргиналдық формалары

1. Екіұшты бірегейлік (маргиналды, аралық, амбивалентті) – әлсіз этникалық бірегейлік немесе «қосарланған» бірегейлік. Этникалық бірегейліктің бұл түрі этникалық жағынан аралас отбасында, иммигранттардың арасында жиі кездеседі. Мұндай адамдар үшін этникалық бірегейлікті таңдау қиын. Мысалы, қазақстанның әйгілі боксшы Г. Головкиннің Қазақстан халық ассамблеясының XX сессиясында айтқан: «Менің әкем – орыс, шешем – корей, өзім – қазақпын, ал барлық жеңістерімді мен өзімнің еліме, халқыма, Президентіме арнаймын», деген сөздері жұрттың бәрінің де жүрегіне жылы тиді (Самрат, 2017).

Жалпы алғанда, маргиналдық – (латынша - *margo* - шеткі, шекара) – дәстүрлі түрде жеке тұлғаның қандай да бір әлеуметтік қауымдастыққа толық сіңіспей, екі немесе бірнеше әлеуметтік қауымдастықтардың арасында әрі-сәрі күй кешіп, шекаралық жағдайда қалып қоюын бейнелейтін ұғым. Бұл адамның психикасын өзгертіп, бағыт-бағдары мен ұстанымдарына, өзін-өзі айқындауы мен өмір салтына қатты ықпал ететін қатерлі

құбылыс (Мұсатаев, 2015). Бұл ұғымды алғашқылардың бірі болып ғылыми айналысқа ендірушілердің бірі – американдық социолог Роберт Эзра Парк болып табылады. Ол «Адамзат миграциясы және маргиналды адам» деген еңбек жазып, мигранттардың жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуінде туындайтын қиындықтарды талдайды. Мигранттар өздерінің өсіп-өнген ортасынан ажырай отырып, жаңа әлеуметтік ортаға қосылуға әрекет жасайды. Бұл әрекеттің жаман жері – мигрант өзімен тектес ортадан бөгіледі, ал, қатарына қосылуға ұмтылып отырған жаңа орта оны толықтай қабылдамайды (Парк, 2011). Осының нәтижесінде мигрант «мәдени гибридке», яғни, дүбараға айналып, «екі кеменің басын ұстаған суға кетеді» дегенге ұқсас жағдай қалыптасады.

2. Этникалық индифференция – өзінің ұлтына және этносаралық қатынастар проблемасына, өзінің ана тіліне, ұлттық мәдениетіне және басқа да халықтардың ұлттық құндылықтарына немқұрайлы қарайтын адамдарды сипаттайтын бірегейлік түрі (Хотинец, 2002). Олар өздерінің этникалық топтарының нормалары мен дәстүрлерінен тәуелсіз және өмірдің кез-келген саласындағы әрекеттері мен мінез-құлқына өзгелердің этникалық ерекшелігі ғана емес, тіпті өздерінің этникалық белгілері де әсер етпейді.

3. Этнонигилизм – әдетте космополитизм түрінде көрініс береді, ұлт, этникалық белгілер, этномәдени құндылықтардан бас тартуды білдіреді. Этнонигилизмді ұстанатын адамдар этникалық ерекшелікпен байланысты барлық нәрселерден тәуелсіз болуға тырысады, олар өздерінің қандай да бір ұлттың өкілі болуын тіпті зиянды деп санайды. Мұндай адамдар өздерін «прогрессивті» санап, өзіндік бірегейленуін жеке этникалық топпен, жалпыадамзаттық бірегейленумен анықтайды. Қысқасы, этнонигилистер өздерін «әлем азаматымын» деп, космополиттік көзқарасты ұстанады, кез-келген этникалық ерекшеліктен бас тартып, ұлттық бірегейленуді ескіліктің сарқыншағы, қажетсіз тірлік деп есептейді.

4. Этноэлиминация – өзінің

этникалық қауымдастығынан өзін-өзі шеттету және өзін басқа қауымдастықтың белгілі этномәдени элементтерімен сәйкестендіру. Алайда, мұндай бағыттағы тұлғалардың этникалық тобынан алыстауы және шетелдік мәдениетпен танысуы олардың белгілі бір этникалық топқа жататындығын сезінуіне әсер етпейді. Сонымен қатар, осыған ұқсас этнонигилизм де бар екенін айта кеткен жөн, бұл жеке тұлғаның өзін-өзі басқа этникалық топпен сәйкестендіруі және өзін өзге тілде сөйлейтін қауымдастықтың мүшесі ретінде көрсетуден көрініс беретін маргиналдық жағдай. Көбінесе отарлану мен мәңгірттенудің құрбаны болған, мемлекеттегі негізгі ірі ұлттың құрамына сіңіп, ассимиляцияланып кеткен, өзінің ана тілі мен салт-дәстүрін ұмытқан шағын этностардың өкілдеріне тән сезім. Мысалы, Кеңестер Одағы кезінде орыс тіліне мемлекеттік деңгейде басымдық берілуі өзінің нәтижесін берді: қоғам өмірінің барлық саласында орыс тілі шешуші рөлге ие болды. Барлық ұлттық одақтас республикаларда орыс мектептерінің үлесі басым болды, жоғары оқу орындарында білім орыс тілінде берілді, мемлекеттік қызмет орысша жүргізілді. Осыдан келіп қазақтардың санасында да «орысша білмесең адам болмайсың» деген қасаң қағида қалыптасты. Осының кесірінен туған тілін білмейтін «шала қазақтар» пайда болып, компартияның билік құрған жетпіс жылында қазақ ұлты өзінің ана тілінен айырылып қала жаздағаны да белгілі.

Түйіндеп айтар болсақ, жасалған талдау нәтижелері кез келген қоғамда бірегейліктің бірнеше түрлері бар екенін көрсетті. Азаматтық-саяси бірегейлік ел ішінде этносаралық бейбітшілік пен келісімді сақтаумен тығыз байланысты. Толерантты бірегейлік этносаралық қатынастардағы өзара түсіністік, бауырластық, адам құқықтары мен бостандықтарының сақтау сияқты жасампаз құндылықтарға негізделген, бұл өз кезегінде азаматтық-саяси бірегейлікті қалыптастырудың кепілі болып табылады. Сонымен бір мезгілде егеменді ұлттық мемлекеттерде этникалық ұлтшылдықтың күшеюі байқалып жатады. Бұл да заңды құбылыс, өйткені әрбір мемлекетқұрушы этнос өзінің ата-бабаларынан мұраға қалған аймақта ұлттық дәстүрлері мен

әдет-ғұрыптарын сақтай отырып, өсіп-өнгісі келеді. Этникалық белгі мен дәстүрлі діни бірегейлік те адамға тумысынан берілген қасиет ретінде, адам табиғатына тән сипат сияқты қабылданады.

Адамзат тарихының кез-келген кезеңіндегі қоғамдық қатынастар мен әлеуметтік жіктелудің (стратификация) негізінде жатқан «біздікі» және «өзгенікі» дейтін әмбебап психологиялық айқындауыштар болып табылады. Адам баласы тумысынан жікшіл. Біздің жіктелетін белгіміз көп: ұлтымыз, дініміз, тіліміз, еліміз, жынысымыз, жасымыз, кәсібіміз т.с.с. толып жатыр. «Біз-өзгелер» болып жіктелу қоғамның дамуына ғана емес, түрлі соғыстарға да, қуанышпен қатар, қайғы-қасіретке де, өрлеу мен құлдырауға да, жалпы, адамның бүкіл өміріне өзінің әсерін тигізіп келеді. Психологиялық бөгіленудің нәтижесінде азаматтық идентификацияның дағдарысы туындайды. Ұлт саясаты осындай дағдарыстардың алдын алып, ұтымды шеше білуі тиіс.

Қорытынды

Кез келген елдің біртұтас халқы, яғни, азаматтары ғана бар, оны бөліп-жаруға ешқашан да жол беруге болмайды. Әрбір қазақстандық азамат осы ақиқатты саналы түрде ұғынса ғана жұмылған жұдырықтай болып, «Біз – Қазақстан азаматымыз, қазақстандық халықпыз» деп, бірігіп іс-қимыл жасайды, бейбіт елде бірге өсіп-өнеді. Мемлекет халқының идентификациясы дұрыс болса ғана қоғамдық келісім орнап, саяси тұрақтылыққа қол жеткізуге болады. Яғни, ел азаматтары шығу тектерінің қандай екеніне қарамастан (ұлты, діні, жынысы, әлеуметтік жағдайы т.б.) өздерінің тағдырларын тұрып жатқан мемлекет пен сол мемлекеттің негізін қалап отырған автохтонды ұлттың тағдырымен тікелей байланыстырып, азаматтық сана-сезіммен өзін өзі айқындауы тиіс.

Бұл жерде ерекше атап өтерлік мәселе – мемлекет құрушы этнос – қазақ ұлты ең алдымен өзінің ұлттық бірегейлігін мықтап алуы тиіс: ұлттық сана-сезімін, ана тілін, өзіндік ділі мен дінін нығайтып, ұлтшыл-мемлекетшіл идеология қалыптастырып, титулды этнос

ретінде ішкі бірлігін күшейтуі қажет. Жұмылған жұдырықтай, біртұтас титулды ұлт қана мықты ұлттық мемлекет құра алады, елдегі өзге этностардың диаспораларын ұйыстырып, біртұтас халыққа айналдырады. Егемендік пен мемлекеттілік сонда ғана нығаяды, ел халқында өзара сенімділік пен отаншылдық сезімі арта түседі.

Қазіргі алмағайып заманда тар ұлттық мүддені ысырып қойып, жалпыұлттық мүддені, азаматтық сана-сезім мен халықтық ұстанымды, ұлттық идея мен мемлекетшіл идеологияны

дамытқан ел ғана өзінің тәуелсіздігі мен егемендігін, территориялық тұтастығы мен конституциялық құрылысын сақтауға қабілетті. Мемлекеттік саясатты жүзеге асыру барысында ұлттық бірегейленудің екіұштылығын үнемі ескеріп, оның түрлі жанжалдарға арқау болатын деструктивті түрлерінен сақтануымыз қажет. Халқының ауызбіршілігі бар, ынтымағы жарасқан бірегей ел ғана терроризм, экстремизм, агрессия, экспансия, ғаламдану, дағдарыс сияқты толып жатқан жаһандық сипаттағы қауіп-қатерлердің бәріне төтеп бере алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Гаджиев К.С. (2011). Национальная идентичность: концептуальный аспект, *Вопросы философии*, № 10. (с. 3-16).
- Greenfeld L., Eastwood J. (2007). National Identity, Boix C., Stokes S. (eds.) The Oxford Handbook of Comparative Politics. Oxford; New York: Oxford University Press.
- Губогло М.Н. (2003). Идентификация идентичности: Этносоциологические очерки. М.: Наука.
- Кадыржанов Р.К. (2014). Этнокультурный символизм и национальная идентичность казахов. Алматы.
- Карипбаев Б. (2021). Идентичность казахстанской молодежи: влияние глобализации и неотрадиционализма // https://ca-c.org.ru/journal/2021/journal_rus/cac-02/12.shtml
- Кортунов В.С. (2009). Национальная идентичность: Постигание смысла - М.: Аспект Пресс.
- Мұсатаев С.Ш. (2015). Ұлттық мүдденің ақиқаты мен аманаты, Алматы.
- Парк Р. (2011). Избранные очерки: Сб. переводов. РАН ИНИОН. Центр социал. науч.-информ. исслед. Отд. социологии и социал. психологии; Сост. и пер. с англ. В. Г. Николаев; Отв. ред. Ефременко Д.В. -М.
- Рябова М.Э. (2014). Развитие представлений об амбивалентности в философии на рубеже XX-XXI веков, *Вестник МГТУ*, том 17, № 4.
- Самрат Ж. (2017). Біртектілік пен бірлік, <https://egemen.kz/article/156260-birtektilik-pen-birlik>
- Стадников М.Г. (2006). Психология этноцентризма, *Вестник Санкт-Петербургского университета. Политология. Международные отношения*, Серия 6. Выпуск 2, (с. 55-66).
- Фукуяма Ф. (2019). Идентичность: стремление к признанию и политика неприятия, М.: Альпина Паблишер.
- Хабермас Ю. (1999). В поисках национальной идентичности (философские и политические статьи). Донецк: Донбасс.
- Хантингтон С. (2004). Кто мы? Вызовы американской национальной идентичности М.
- Хотинец В.Ю. (2002). Этническая идентичность и толерантность, Екатеринбург: УрФУ.
- Шайкемелев М.С. (2013). Казахская идентичность, Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения МОН РК.
- Шаймарданов Ж.Н. (2022). 2021 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағының қорытындылары. Қысқаша қорытындылар (қазақ және орыс тілдерінде). Бас редактор Ж.Н. Шаймарданов, Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы.
- Шмитт К. (2010). Государство и политическая форма, пер. с нем. О.В. Кильдюшова, М.: Изд.дом Высшей школы экономики.

REFERENCES

- Gadzhiev K.S. (2011). Natsionalnaja identichnost: kontseptualnyi aspekt, *Voprosy filosofii*, № 10. (pp. 3-16).
- Greenfeld L., Eastwood J. (2007). National Identity, Boix C., Stokes S. (eds.) The Oxford Handbook of Comparative Politics. Oxford; New York: Oxford University Press.
- Guboglo M.N. (2003). Identifikatsija identichnosti: Etnosotsiologicheskie ocherki. M.: Nauka.
- Kadyrzhhanov R.K. (2014). Etnokulturnyi simvolizm i natsionalnaja identichnost kazakhov. Almaty.

- Karipbaev B. (2021). Identichnost kazakhstanskoi molodezhi: vlianie globalizatsii i neotraditsionalizma // https://ca-c.org.ru/journal/2021/journal_rus/cac-02/12.shtml
- Kortunov V.S. (2009). Natsionalnaja identichnost: Postizhenie smysla - M.: Aspekt Press.
- Musataev S.Sh. (2015). Ulttyq muddening aqiqaty men amanaty, Almaty.
- Park R. (2011). Izbrannye ocherki: Sb. perevodov. / RAN INION. Tsentr sotsial. nauch.-inform. issled. Otd. sotsiologii i sotsial. psikhologii; Sost. i per. s angl. V. G. Nikolaev; Otv. red. Efremenko D.V. -M.
- Rjabova M.E. (2014). Razvitie predstavlenii ob ambivalentnosti v filosofii na rubezhe XX-XXI vekov, *Vestnik MGTU*, tom 17. -№ 4.
- Samrat ZH. (2017). Birtektilik pen birlik // <https://egemen.kz/article/156260-birtektilik-pen-birlik>
- Stadnikov M.G. (2006). Psikhologija etnotsentrizma, *Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. Politologija. Mezhdunarodnye otnoshenija*, Seriya 6. Vypusk 2, (pp. 55-66).
- Fukujama F. (2019). Identichnost: stremlenie k priznaniu i politika neprijatija, M.: Alpina Publisher.
- Habermas U. (1999). V poiskakh natsionalnoi identichnosti (filosofskie i politicheskie stati). Donetsk: Donbass.
- Hantington S. (2004). Kto my? Vyzovy amerikanskoi natsionalnoi identichnosti M.
- Hotinets V.U. (2002). Etnicheskaja identichnost i tolerantnost. -Ekaterinbyrg: UrFU.
- Shaikemelev M.S. (2013). Kazakhskaja identichnost, Almaty: Institut filosofii, politologii i religiovedenija MON RK.
- Shaimardanov ZH.N. (2022). 2021 zhylyg Qazaqstan Respublikasy khalqynyng ulttyq sanagynyng qorytyndylary. Qysqasha qorytyndylar (qazaq zhane orys tilderinde). Bas redaktor Zh.N. Shaimardanov. –Nur-Sultan: Qazaqstan Respublikasy Strategijalyq zhosparlau zhane reformalar agenttigi Ulttyq statistika burosy.
- Shmitt K. (2010). Gosudarstvo i politicheskaja forma / per. s nem. O.V. Kildushova. -M.: Izd.dom Vyshei shkoly ekonomiki.

AMBIVALENCE OF NATIONAL IDENTITY AS A POLITICAL FACTOR

Aiganym MAULEN, 3rd year doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, aiganym.maulen1995@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-9721-2741>

Seilbek MUSSATAYEV, Doctor of Political Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, mceka@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6955-5432>

Galiya SHOTANOVA, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Institute of History and Ethnology named after Sh. Sh. Ualikhanov, Almaty, Kazakhstan, galia8.09@mail.ru

АМБИВАЛЕНТНОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ КАК ПОЛИТИЧЕСКИЙ ФАКТОР

Айғаным МАУЛЕН, докторант 3 курса, КазНУ им аль-Фараби, Алматы, Казахстан, aiganym.maulen1995@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-9721-2741>

Сейілбек МУСАТАЕВ, доктор политических наук, профессор, КазНУ им аль-Фараби, Алматы, Казахстан, mceka@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6955-5432>

Галия ШОТАНОВА, кандидат исторических наук, доцент, Институт истории и этнологии имени Ч. Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан, galia8.09@mail.ru